

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІ

ЖШС «КАСПИЙ Өңірі «БОЛАШАҚ» КОЛЛЕДЖІ»



Қазақ тілі пәні бойынша орыс тілінде
білім алушыларға арналған

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Ақтау - 2019

ӘОЖ 811.512.122.(075.32)
КБЖ 81.2 Қаз-923
Қ 17

«Бекітілді»
Маңғыстау облыстық техникалық
және кәсіптік білім берудің
оқу-әдістемелік кабинетінің
Әдістемелік кеңесінің
№ 7/4 хаттамасы
« 17 » 05 2019ж.

Пікір жазған:

Ж.С. Дүйсенбаева ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің арнайы пәндер оқытушысы,
филология ғылымдарының докторы

**Қазақ тілі пәні бойынша орыс тілінде білім алушыларға арналған оқу-
әдістемелік нұсқаулық / құраст. Г.Е.Дуйсенова. – Ақтау: ЖШС «Каспий өңірі
«Болашақ» колледжі», 2019ж.-40 бет.**

ISBN 978-601-341-101-9

Қ 17 Бұл ұсынылған оқу-әдістемелік нұсқаулық қазақ тілі пәні бойынша орыс
тілінде білім алушыларға арналған көмекші құрал ретінде жасақталған.
Нұсқаулықта қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология салалары бойынша тіл
дамытуға арналған бірнеше тапсырмалар мен тест сауалдары және қолданылған
әдебиеттер берілді.

ӘОЖ 811.512.122.(075.32)
КБЖ 81.2 Қаз - 923

«Ұсынылды»
Әдістемелік бірлестік
Отырысының №2/4 хаттамасы
«8» 05. 2019жыл

ISBN 978-601-341-101-9

ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі», 2019ж.

Алғы сөз

Бұл ұсынылған оқу-әдістемелік нұсқаулық қазақ тілі пәні бойынша орыс тілінде білім алушыларға арналған көмекші құрал ретінде құрастырылған.

Нұсқаулықта қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология салалары бойынша тіл дамытуға арналған бірнеше тапсырмалар мен тест сауалдары және қолданылған әдебиеттер берілді.

Қазақ тілі пәніне арналған бақылау жұмыс тапсырмалары – білім алушылардың қазақ тілінен алған білімін іс жүзінде тереңдетіп, тілдік дағдылары мен тәжірибелерін жетілдіруде және өтілген тақырыпты меңгертуде де, сабақты пысықтау үшін де маңызы зор.

Бақылау жұмыс тапсырмаларының мақсаты – білім алушыларды өз бетімен тапсырмалар орындауға дағдыландырады және тапсырмалар бойынша берілген шарттарды талапқа сай орындауға үйретеді. Білім алушылар сабақ үрдісінде өткен тапсырмалармаға байланысты шартын түрлендіріп, өзгертіп отыруына ерікті.

Оқу-әдістемелік нұсқаулық орыс тілінде білім алушыларға теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруына жасақтаған бірден-бір көмекші құрал болып табылады.

Ф.ғ.д. Дүйсенбаева Ж.С.

Түсінік хат

Адамдардың қоғамда өзара қарым-қатынас жасап пікір алысып түсінісетін құралы – тіл. Тілдік ұғымдарды меңгерту, оларды күнделікті тәжірибеде қолдану, түрлі ғылыми пәндер жүйесінде меңгерудің бәрі де адамның ақыл-ойы мен санасының жемісі деп санаймыз.

Бұл қазақ тілі пәні бойынша жасақталған бақылау жұмыс тапсырмаларының нұсқалары мен тестік сауалдар қазақ тілі пәні бойынша теориялық білімді студенттердің қаншалықты меңгергенін анықтайтын сынақтық жаттығулар ретінде мектептің, колледждің оқушыларына арналды. Мұнда қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис сияқты салалары бойынша тіл дамыту технологиясынан бірнеше бақылау жұмыс тапсырмалары мен тестік сауалдар берілді.

Қазақ тілі пәніне арналған бақылау жұмыс тапсырмалары – студенттердің қазақ тілінен алған білімін іс жүзінде тереңдетіп, тілдік дағдылары мен тәжірибелерін жетілдіруде және нәтиже сабақта өтілген тақырыптарды пысықтау үшін де маңызы зор. Бақылау жұмыс тапсырмаларының мақсаты – студенттердің өз бетімен тапсырмалар орындауға дағдыландыру, тапсырма негізінде берілген шарттарды талапқа сай орындауға және грамматикалық талдауды толық меңгеруге, ережелерді толық түсінуге үйретеді.

Бақылау жұмыс тапсырмаларын орындау барысында оқытушы сабақ үрдісінде өткен жаңа тақырып негізінде және өткен тақырыптар бойынша да алдына қойған мақсатына байланысты тапсырмалардың шартын түрлендіріп, өзгертіп отыруына ерікті.

Қазіргі уақыт талабына сәйкес оқу жүйесіндегі білім сапасын сараптауда неғұрлым жинақы, жеңіл, тез әрі қолайлы тәсіл ретінде тест әдісі кеңінен қолданып келеді.

Студенттердің оқу үлгерімін бақылауда тест қолдану өте тиімді. Себебі, оқытушы студенттің белгілі бір уақыт аралығында білімінің сапалық деңгейін анықтайды және студент сабақты жалпылама әңгімелеуден гөрі нақты жауап табуға дағдыланады.

Тест тапсырмасының міндетті түрде бірнеше нұсқасы болу керек. Бұл тексерудің тиімділігін арттырады және студенттерді өзіндік ізденіске үйретеді.

Тест жұмыстары ағымдық тексерілуде, тақырыптық және нәтиже сабақтарында, қорытынды тексеруде қолданылады.

Бақылау жұмыс тапсырмалары

I нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *ғылым, ұлы, білім, ғимарат, дәуір, ғалым*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Мына сөздердің айтылуын салыстырыңыз, көшіріп жазыңыз, олармен сөйлем құрастырыңыз: *ал – әл, оң – он, ұш – үш, мең – мен, гүл – күл, ұйым – үйім, ұн – үн*.
3. Берілген сөздерден сөз тудырушы жұрнақтар арқылы өздеріңіз жаңа сөздер жасаңыз: *ақ, бол, болат, біл, жаз, жұмыс, көз, оқы, он, өнер, сақ, сурет, сан, тапсыр, тау, түн, түй*.
4. Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңыз және олардың антонимдерін табыңыз: *черный, дешевый, принести, да, большой, хороший, ночь, справа, мало, здесь, этот, тонкий, низкий, худой, прийти, грязный, кривой, нижний, покупатель, новый, дать*.
5. Мына үстеулерді 2 топқа бөліңіз (түбір, туынды). Қалаған 5 сөзбен сөйлем құрастырыңыз.

Төмен, кейін, дұрыс, әдейі, қазақша, орысша, меніңше, сеніңше, жылдам, алға, артқа, осында, жақында, күндей, адамша, жазда, қыста, бүгін, ертең, былтыр, тым, аса, қырынан, соншама.

- 6 Мына мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Ғылым жолында

Әл-Фараби сыр бойындағы қыпшақ даласынан аттанарда алдына бір ғана мақсат қойып еді-ау. Міне, одан бері алпыс жылдан астам уақыт өтіпті. Ондағы мақсаты - ғылым мен өнердің бар саласын меңгеру. Соларға жаңалық қосу. Сол арқылы бүкіл адам баласының ой-өрісін кеңейтуге ат салысу еді.

Сол мақсаты орындалды ма?

«Бар өмірімді ғылым жолына сарп еттім». «Табиғат пен адамзат» деген ғылымға қызмет еттім. Бағаны кейінгі заман берер. Ғылым жолында әркім өзінің ақылы жеткен жеріне бір белгі қалдырып кетуі керек қой.»

(А.Машанов. «Әбунасыр әл-Фараби» кітабынан)

7. Берілген сөздермен сұраулы сөйлем құрастырып, жауап жазыңыз.

1. Қазақстанда, дамыған, дәуірден, қай, ғылым?
2. Қандай, білесіз, ғалымдарды, ұлы?
3. Ғылымның, мемлекеттің, дамуы, дамуына, бола ма, әсері?
4. Қазір, ең озық, саласы, ғылымның, ойлайсыз, сала деп, қай?
5. Сіз, шұғылданғыңыз, ғылыммен, келе ме?

8. «Қазақстан – Тәуелсіз Мемлекет» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

II нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *заңгер, кәсіп, шебер, мақсат, жету, шешен, нәтиже*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Мына сөздердің айтылуын салыстырыңыз, көшіріп жазыңыз, олармен сөйлем құрастырыңыз: *тұр – тұр, саны – сәні, тиын – тиін, сең – сен, кен – кең, сат – сәт, ұлы – улы*.
3. Төмендегі кәсіби сөздердің, сөз тіркестердің қазақша аудармасын табыңыз.

Занятность молодежи, занятность населения, земельное хозяйство, зона экономического и научно-технического развития, издательство, индивидуальные блага, индивидуальный труд, кадры квалифицированные, кадры специалистов, квалифицированная рабочая сила, квалифицированный специалист, мастер-наставник, мастер производственного обучения.

4. Мына сөздерден үстеу жасап, орыс тіліне аударыңыз.

1. орыс, қазақ, өзбек, сенің, өздерің, өзің, ағылшын, неміс, француз, ескі;
2. теңіз, құс, апаң, әке, біз, олар, үй, бастық, мақтаншақ, жас;
3. түн, күн, алыс, осы, жаны, қасы, арты, күз, қыс, жоғары, орта;
4. төмен, жоғары, жат, алыс, арты, жылы, күні, ал, жат;
5. қыры, жоғары, алды, арты, жаны, басы, қарсы, оң жақ, сол жақ, амалсыз.

5. Мына мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

О священных числах

У казахского народа числа семь, девять, двенадцать, сорок считаются священными.

С числом «семь» связаны словосочетания *семь сокровищниц, семь дней недели, семь влюбленных, семь джутов* и другие. Указ Тауке хана, изданный в ХҮІ веке, назывался «Семь указов». Когда кто-то умирает справляют семь дней, пекут семь лепешек. Число «семь» упоминается и в пословицах. Например, *«Жетіге келгенше жеті жерден таяқ жерсің», «Жеті қабат жер астында»*.

Число «девять» как священное число вошло в казахский язык из арабского и связано с религией. Например, *«Тогыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тогыз әйелдің толғағы бір күні келіпті», «Тогыз жолдың торабы», «Тогыз қабат торқа қию»*.

Число «двенадцать» у казахов тоже почитается. Согласно казахскому календарю каждому году двенадцатилетнего цикла летоисчисления даны названия двенадцати животных: мыши, коровы, барса, зайца, дракона, змеи, лошади, овцы, обезьяны, курицы, собаки, кабана.

Двенадцать лет являются первым циклом в жизни человека, второй цикл – следующие двенадцать лет и так далее. Каждый цикл или каждые двенадцать лет являются опасными и значимыми. С этим числом связаны следующие выражения: *«Он екі мүшең сау болсын», «он екі баулы өзбек», «он екіде бір нұсқасы жоқ»*.

Еще одно священное число «сорок». Первые сорок дней младенца являются важными и ответственными. Когда младенцу исполняется сорок дней, отмечается праздник *«Қырқынан шығару»*. Когда умирает человек, справляются поминки *«Қырқын беру»*. Уважаемых гостей встречают со словами *«Қырықтың бірі – қыдыр»*.

6. Мына сөйлемдердің ішінен қиысуды (согласование) тауып, сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Әр адамның өмірінде жастайынан білім беретін, ақыл айтатын ұстазы, тәрбиешісі болады.
2. Бұл оған оның өмірде қалыптасуына, тұлға болып құрылуына көмектеседі.
3. Ата-ананың балаға үйде берілген тәрбиесі жеткіліксіз, өйткені олар баласына өзінің нәрестесі ретінде қарайды.
4. Ал мектептегі ұстаз оқушыға жеке адам, тұлға, болашақ білікті маман ретінде қарайды.
5. Ол тек білім беріп қоймай, ақылдың, үлкен ұстамдылықтың, мейірімділіктің, биік адамгершіліктің иесі болуға тәрбиелейді.

8. **«Мұнайлы өлке – Маңғыстау»** тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

III нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *әлем, өмір, өлке, ауыл, рұқсат, сезім, тұлға, ұстаз*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін буынға бөліп, буын түрлерін анықтаңыз: *әлеуметтік жағдай, игі ниет, білім жолы, рухани байлық, білім ордасы, жаңа технология, инновация, интернет, ғылыми жетістіктер, білім жолы, кәсіби дайындық, реферат жазу, ғылыми жоба, кіші ғылыми орталық, шығармашылықты зерттеу жұмыстары, кәсіби терминдер*. Осы сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
3. Көшіріп жазып, тұрлаулы мүшелердің астын сызыңыз.

Кәсіпкерліктің мәні, мазмұны

Кәсіпкерлік экономикада орталық орынға ие және ол әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде кең спекторлы қоғамдық қарым-қатынастарды қамтиды. Мұнда құқықтық, психологиялық тарихи сәттер көрініс алады. Сондай-ақ кәсіпкерлік әрекет тіршілігіміздің экономикалық жағдайына да қатысты екені анық.

Буржуазиялық экономикалық теорияда «кәсіпкер» ұғымы XVIII ғасырда қолданыла бастады. А.Смиттің ойы бойынша кәсіпкер сауда- саттық мақсатты жүзеге асыру және пайда түсіру үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі болып табылады. Ол өндірісті өзі жоспарлайды, ұйымдастырады және соның нәтижесіне иелік жасайды.

Бүгінгі таңда кәсіпкер немесе өсімқор деп иелігіндегі қажетті құралдары (өзінікі немесе қарызға алған) бар пайдалы жұмысты ұйымдастырушы адамды айтады. Бұлардың қатарына жататындар: шағын кәсіпорындардың иесі, акционерлік қоғамның басқарушысы, кооперативтің жетекші және шаруашылық бірлестіктерінің менеджерлері (жалдамалы басшы).

(Кәсіптік білім. «Экономика негіздері» оқулығынан)

4. Мәтінді көшіріп, аударыңыз. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауларын қойыңыз.

Алматы

Алматы — Қазақстан Республикасының бұрынғы астана... . Алматының оңтүстігі... мен шығысы...н Іле Алатау қоршаған. Жаз айы...нда да, ыстық күдер... де тау шыңы...ндағы қар бұлтпен ұштасып жатады. Алматы қала... жылдың төрт мезгілі...нде де жайнап тұрады. Кіші Алматы шатқалы...нда «Медеу» мұз айдыны... орналасқан. Алматыда мақта-мата комбинаты... бар.

5. Мәтінді көшіріп, қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Шағын, орта және үлкен бизнес.

Біздің елімізде шағын және орта бизнеспен айналысатын **адамдарды** кәсіпкерлер деп атайды. Кәсіпкерлер өздерінің жеке фирмасын, серіктестігін, **акционерлік** қоғамын, тағы басқа шағын бизнес түрлерін құрады.

Кәсіпкерлер өз кәсібіне қаржыны өздері табады. Кәсіптік мекеме өзінің Жарғысында көрсетілген және Қазақстан Республикасының **Заңдарына** қайшы келмейтін **жұмыстармен** айналысады. Олар мемлекетке салық төлеп отырады. Сондай-ақ халықтың тұрмысына, мәдениетіне, денсаулығына қолдау көрсетіп, **қайырымдылық** шараларға қатыса алады. Олар: **өндіріс**, сауда, көлік, тамақ, мәдениет, тағы басқа кәсіптің түрлерімен айналысуға құқылы.

Қазақстан Республикасының экономикалық және мәдени салаларында үлкен бизнестің маңызы да зор.

6. Мына сөйлемдердің ішінен меңгеруді (управление) тауып, сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

- 1) Олжас іссапармен Астанада келді.
- 2) Мен ғылыми жұмысты оқып, талдап шықтым.
- 3) Ғалым болам десең, көп оқып, көп іздену керек.
- 4) Ш.Уәлиханов көптеген ғылыми еңбектерін келер ұрпаққа тастап кетті.
- 5) Данияр әлем жаңалықтарын интернеттен көрді.
- 6) Ботагөз Астанадағы студенттер конференциясына қатысты.
- 7) Асқар ғылыми жобалардың жетекшісі.

7. Берілген сөздерді жақ жағынан, жекеше, көпше түрде матасу түрде байланыстырыңыз.

Кәсіп, еңбек, арман, мамандық.

8. «**Наурыз мейрамы**» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

ІҮ нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *ұқыпты, тәрбие, еңбек, білім, табандылық* . Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

2. Мына сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін анықтаңыз: *егеу, балшық, қыркүйек, ірімшік, шаңырақ, әскер, Атамекен*. Осы сөздермен сөйлем құрастырыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

3. Төмендегі үлгі бойынша -ла/-ле, -да/-де, -та/-те; -қар/-кер, -ғар/-гер; -ық/-ік/-к т.б. сөз тудырушы жұрнақтар арқылы 10 туынды етістік жасаңыз.

Үлгі: таза (чистый) + ла = тазала (почисть); бас (главный) + қар = басқар (управляй); бір (один, единый) + ік = бірік (объединяйся);

4. Бір мағыналы сөздерді бірінші бағанға, көп мағыналы сөздерді екінші бағанға жазыңыз. Таңдауларыңызды мысалдармен дәлелдеңіз.

Азық, алтын, ана, аңшы, ақыл, бет, бұзау, бұлақ, дәптер, кітап, қол, құлақ, су, тау.

5. Төмендегі көсемшелерді көмекші етістіктермен тіркестіріп күрделі етістік жасап, сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: *қарап келді, қарай келді, қарағалы кеді.*

Қарап. Жаса. Айтқалы. Сөйлеп. Сұрай.

6. Мына сөйлемдердің ішінен матасуды (соподчинение) тауып, сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

- 1) Атасының әңгімесі Мұратқа әсер қалдырды.
- 2) Мұраттың даусы қысылып шықты.
- 3) Арайдың әні жақсы естілді.
- 4) Менің балам әнді жақсы айтады.
- 5) Көктемнің ауа-райы құбылмалы.
- 6) Досымның кітабын кеше беріп жібердім.
- 7) Алманай Алматының апортын сатып алды.

7. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

О моей Родине

Моя Родина – Казахстан. Это страна, которая находится в центре континента Евразии. Казахстан – удивительно красивая земля. Здесь есть и величавые горы Заилийского Алатау, и сильные реки Иртыш, Сырдарья и Амударья, и бескрайние степи... На просторах нашей республики есть несметные богатства – это и редкие красивые животные, и растения, и полезные ископаемые.

В Казахстане есть такие прекрасные города, что по красоте своей не уступят городам Азии и Европы: это и Астана, и Алматы, и другие города.

Казахстан – это земля, на которой мирно сосуществуют много разных народов. Я очень люблю мой Казахстан!

9. «Қазақтың мақал-мәтелдері» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

Ү нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *іссапар, ырғақ, шынжыр, шырақ, шәкірт, хабар, үлкен*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Мына сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін анықтаңыз: *егеменді, іні, ұйқы, күмбез, жолбарыс, қамшы, қарындас*. Осы сөздермен сөйлем құрастырыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
3. Төмендегі үлгі бойынша -шы/-ші; -хана; -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; -шылық/-шілік т.б. сөз тудырушы жұрнақтар арқылы 10 туынды зат есім жасаңыз.

Үлгі: жазу (писать) + шы = жазушы (писатель); дәрі (лекарство) + хана = дәріхана (аптека); жер (земля) + лес = жерлес (земляк); жалғыз (одинокий) + дық = жалғыздық (одиночество); адам (человек) + шылық = адамшылық (человечность).

4. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз. Сөздіктен «орман» (лес) сөзінің синонимін, «түп» (куст) сөзінің омонимін табыңыз.

Лес.

Лес – лучшее украшение земли. Лес красив всегда. И зимой, когда пушистый снег одевает каждый кустик, каждую веточку. И весной, когда цветет черемуха. И летом, когда горячий воздух пахнет смолой. Но особенно хорош лес осенью, когда по земле летят золотые листья, краснеющие ягоды рябины. А небо над головой такое чистое, высокое.

(К.Паустовский)

5. Көп нүктенің орнына көмекші етістікті қойыңыз.

1. Ермек бүгін кешке театрда ән
2. Неге жұмыс істемей ..., шаршап ... ба?
3. Біз дәрісханада сурет
4. Аяқ киім аяғына тар
5. Уақыт қанша болды? Сағатым тоқтап
6. Әлихан бұл баланы ермек
7. Сен балаға көз

8. Дұрыс, ұялма, айта
9. Қайда жүрсең де, аман

6. Мәтінді көшіріп, қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Компьютерлік жүйелерді пайдалану

Компьютерлік **жүйелерді** пайдалануда дәлдік мен ұқыптылық жатыр. Егер біз **компьютерге** нақты мәліметтер беріп, оларды өңдеудің дұрыс **жолдарын** көрсетсек, ол әрқашанда қатесіз дұрыс нәтижелер береді. Кейде компьютер қате нәтиже берді деп айтылады. Мұндайда компьютердің қателеспейтінін, қатенің себебі **мәліметтердің** оған дұрыс **берілмегендігінен**, немесе осы мақсатқа арналған мәліметтерді өңдеу **алгоритмінің** қате **болғанынан** екенін ашып айту қажет.

7. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Первый космонавт - казах

2 октября 1991 года – день, когда в космос полетел Тоқтар Аубакиров, - многие казахстанцы сравнивали с тем памятным, далеким, апрельским днем 1961 года, когда был осуществлен первый полет в космос Юрием Гагариным

Пусть для всех остальных космический полет стал делом обыденным, для нас же и австрийцев он в этот раз был особым: впервые в космосе побывали наши соотечественники. Свершилась давняя мечта казахов. Тоқтар Аубакиров взлетел с казахстанского космодрома Байконур, с которого стартовало уже более сотни космонавтов и были запущены многочисленные спутники Земли.

Тоқтар Аубакиров – высококлассный летчик с солидной подготовкой, дающей ему возможность быть летчиком-испытателем новейших самолетов истребителей «Миг». Испытывая летательные аппараты, Тоқтар освоил более 50 типов самолетов. Ему в свое время было присвоено звание «Заслуженный летчик-испытатель СССР». Во время тренировок в Центре подготовки космонавтов имени Ю.Гагарина он прошел подготовку к полету на корабле «Союз ТМ» и орбитальном комплексе «Мир».

8. *«Қанатты сөздер»* тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

ҮІ нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *үміт, ұялшақ, ұстаз, уақ, тілмаш, тізім, түпкі*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Мына сөздерді буынға бөліп, буын түрлерін анықтаңыз: *бие, иие, билік, оқулық, міндеттеме, ұғым, өндіріс*. Осы сөздермен сөйлем құрастырыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
3. Төмендегі үлгі бойынша -шыл/-шіл; -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті; -шаң/-шең; -ғы/-гі, -қы/-кі; -ы/-і/-и т.б. сөз тудырушы жұрнақтар арқылы 10 туынды сын есім жасаңыз.
Үлгі: ұйқы (сон) + шыл = ұйқышыл (сонливый); тау (гора) + лы = таулы (горный); бой (рост) + шаң = бойшаң (рослый, высокий); күз (осень) + гі = күзгі (осенний); тарих (история) + и = тарихи (исторический).
4. Мәтінді аударыңыз. Мәтін ішіндегі «халық», «ас», «қазан», «салт-дәстүр», «қонақ» сөздерінің синонимдерін табыңдар.

Қазақ – қонақжай халық

Қазақ халқы өзінің тұрмыс-салтына, шаруашылығына байланысты ішер асында өзіндік ерекшелігі көп халық. Қазақтың «қазан асты», «қазан көтерді», «ас берді», «астан ауыз тиді», «асқа қарамады» деген сөздерінен мал сойылып, ет асылатыны бірден аңғарылады. Қонаққа ас берудің бірнеше түрлері бар:

Қонақасы – үйге арнап немесе жолы түсіп келген таныс немесе бейтаныс жолаушыға берілетін ас. Қонақасы үшін арнайы мал сойылады.

Ерулік – көшкен ауылға, көшіп келген ауылға, көршіге берілетін қонақасы.

Соғым – қысқа арнап түйе, жылқы немесе сиыр сойылады. Сойылған малдың қуырдағына қонақ шақырылады.

Сыбаға – соғым сойған үй сыйлы адамына, алыстағы ағайынға т.б. еттен, қазы-қартадан сыбаға сақтайды. Сол сақталған сыбағаны асып береді, кейде беріп жібереді.

Ас – қайтыс болып кеткен ата-ана, туған-туысқанды еске түсіру үшін беріледі. Онда мал сойылады, ат шабыс болады.

Тоқымқағар – сапарға шыққалы жатқан жолаушыны шығарып салуға келген адамдарға берілетін қонақасы.

Наурызкөже – жаңа жылдың басында берілетін, жеті түрлі тағамнан жасалатын көже.

Асар – көмекке келген кісілерге берілетін қонақасы.

6. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, қарамен берілген сөздердің синонимдік қатарын жазыңыз.

Білімнің басы — бейнет, соңы — зейнет.

Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт.

Көзі жоқ, құлағы саудың **ақылы** толады,
Құлағы жоқ, көзі саудың ақылы озады.

Өмірдің өзі — ұлы **ұстаз**.

Жердің сәні — егін, ердің сәні — **білім**.

Өзі білмегеннің аузына қарама.

Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір.

Ғылым — теңіз, білім — қайық.

Алтын алма, білім ал.

Оқымаған бір бала, оқыса екі бала.

Өз білмегенінді кісілен сұра,
Үлкен жоқ болса, кішіден сұра.

5. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Маргулан Алькей Хаканулы

Труды Маргулана посвящены истории материальной и духовной культуры казахов, комплексному исследованию эпического жанра устного поэтического творчества, архитектуры, музыки, земледелия, металлургии. А.Маргуланом были установлены периоды создания и раскрыты историко-социальные корни народных эпических произведений, открыты уникальные археологические памятники эпохи бронзы и раннего железа – Бегазы, Сангуыр, Беласар и другие, имеющие научное значение. За монографию «Древняя культура племен Центрального Казахстана» Маргулану присуждена премия имени Ч.Ч.Валиханова (1967г.). За работу «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» в 5-ти томах (соавтор) удостоен Государственной премии Казахстана.

Известный ученый является составителем и редактором Собрания сочинений Ч.Ч.Валиханова, автором монографии о нем.

6. «*Қазақтың салт-дәстүрлері*» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

ҮІІ нұсқа.

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *наурыз, қонақ, тұлға ақсүйек, салтанат, парыз*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.
2. Көп нүктенің орнына жақшадағы сөздердің дұрысын қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Жақша ішіндегі сөздердің өзгерісін түсіндіріңіз. Мәтінді аударыңыз.

Ақтөбе, Қостанай облыстарында астық (орақ, орағы) ерте аяқталды. Бұл облыстардың (астық, астығы) бітік шықты. Оның (көп, көбі) уақытылы жиналды, элеваторға тасылды. Дала (шөп, шөбі) де орылды. Биыл адамның да, малдың да (азық, азығы) мол болды.

3. Мәтінді көшіріп, бастауыш пен баяндауыштың астын сызыңыз.

Киіз үй

Қазақтардың үйі көшпелі тұрмысқа бейімделген. Киіз үйдің орташасы бір түйенің жүгінен артылмайды.

Киіз үй тор көз керегелерден және уық пен шаңырақ, киізден тұрады. Керегелер үйдің бүкіл қабырғасын –іргесін қамтиды. Ал киіз үйдің ағаш қаңқаларының үстінен жабылады. Киіз бүкіл үйді жауын-шашын, қар, бораннан қымтайды.

Киіз үйдің ағаш қаңқасы үш бөліктен құралады. Олар: кереге, уық, шаңырақ. Үйдің төменгі жағы тор көз кереге болады. Кереге ағаштары бір-бірімен қайыс баулармен байланыстырылады. Олар тез жиналады, тез жазылады.

Уық немесе иілген ұзын ағаштар үйдің күмбезін құрайды. Олардың төменгі жағы керегеге бекітіліп байланады. Уықтың жоғары ұшталған жіңішке ұшы күмбездің төбесі – шаңырақтың бүйіріндегі тесіктерге кигізіледі.

Шаңырақ деп дөңгелек ағашты айтады. Шаңырақ ошақта жағылған оттың түтіні шығуына және күндіз үйдің ішіне жарық түсуіне арналған. Шаңырақ қажетті кезде арнаулы киізбен жабылады, ашылады.

Қазақ үйіне жабылатын киіздер көлемі жағынан да атауы жағынан да әр түрлі болып келеді. Керегелерді жабатын төменгі жақтың киізін туырлық дейді. Жоғарғы жақты –уықты жабатын киізді үзік дейді. Шаңыраққа жабылатын төртбұрыш киізді түндік деп атайды.

Туырлық пен керегенің арасына әр түрлі әдемі жіппен тоқылған ши ұстайды. Шидің қасиеті – үйді көріктендіріп тұрады әрі бақа – шаян сияқты ұсақ жәндіктердің үйге кіріп кетуіне бөгет болады.

(Шоқан Уәлиханов)

4. Сөздіктен *ақ, аяқ, жар, жас, ер, қыр, ой, орта, тоқсан* сөздерінің омонимдерін тауып, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыз.

5. Жақшадағы етістіктерді көсемшеге айналдырыңыз.

- 1) Мен саған (бару) жатырмын.
- 2) Сені (көрмеу) үш жыл өтті.
- 3) Мария Кәрімге хат (жазу) отыр.
- 4) Досым туралы (білу) келеді.
- 5) Кітап (сатып алу) үйде ештеңе істемейсің.
- 6) Оқуға (бару) жарты жыл болды.
- 7) Ет (пісіру) қашан!
- 8) Сабақ (біту) қанша болды?
- 9) Жиналыс (басталу) көп болды ма?
- 10) Тамақ (ішпеу) қанша!

6 Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз, сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін табыңыз.

- 1) Алтынсарин – известный педагог.
- 2) Казахский народ высоко ценит его.
- 3) Его произведения несколько раз издавались на казахском и русском языках.
- 4) Его отец умер рано.
- 5) Ибрая воспитал дедушка Балгожа.
- 6) Он построил школы для детей.
- 7) И.Алтынсарин призывал детей к труду, честности.

7. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Қорқыт Ата

Қорқыт Ата – легендарный акын, сказитель и прорицатель. Он родился в IX веке близ города Джент в долине реки Сыр (Сырдарья) огузского царства. Его отец Қырмаш, был из огузского племени каи (кайыспас), а мать была кыпчачкой.

Қорқыт странствовал по Великой степи, пел на древнетюркском языке, поэтому все древнетюркские племена считали его своим «вечным дедом», воплотившим доброту, мудрость, и совесть народную. Хранитель заветов старины Қорқыт был очень мудрым и добрым человеком, кумиром бедных людей. Он воспевал красоту и простоту окружающего мира, любовь и чистоту человеческих чувств.

Прожил он более 120 лет, хотя легенды приписывают ему значительно больший возраст, будто бы прожил он до 195-ти лет.

6. «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

ҮІІІ нұсқа

1.Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *парасат, өткір, өтірік, мақтанишақ, жомарт, оңаша, несібелі*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

2.Көп нүктенің орнына Ә, Ө, Ұ, Ү әріптерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Шілде айында балалар Бурабай к...лі жанындағы лагерьде демалды. Олар м...лдір сулы к...лге т...сті, к...нге қыздырынды. К...гілдір К...кшетаудың к...рікті жерлерін, тарихи орындарын тамашалады. Б...л – аңызға бай ...лке екен. Балалар ...лке тарихынан к...п м...лімет алды. Бурабайдағы табиғат м...ражайына барды. Осы ...лкенің жануарлар мен қ...старын к...рді. олар Африка жерінен ...келінген қ...стар мен жануарларға таңдана қарады. Қайыржан қ...с т...рлерін, ...сіресе, б...ркіттерді қызықтады. Айданаға кең аулада ж...рген марал ...нады. ол маралға нан ...сынды. Марал Айдана т...рған жерге жақындап келді де, тор арасынан басын шығарып, нанды жеді. Маралдың м...йізі ірі ...рі ...демі. Марал м...йіздерінен ...р т...рлі д...рі-д...рмек жасалады. Марал – пайдалы жануар.

3.Сөздікті пайдалана отырып, мына сөздердің омонимдік мағыналарын анықтап, түсінік беріңіз. Үлгі: асық – 1) зат есім: асықпен ойнау (играть в кости); 2) етістік: үйге асық (торопись домой).

Айыр, алма, ана, ара, ат, бақ, біз, ет, жаз, жау, жүз, мақта, мін, сен, тарау, тоқсан, түс.

4.Мына етістіктерге есімшенің –атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнағының бірін қосыңыз. Қалаған 10 сөзбен сөйлем құрастырыңыз.

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелесу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, танысу, басу, көшіру, есептеу, ұялу, дайындау, жазу, жабу, сену, сөйлеу, істеу, жасау.

5.Мәтінді көшіріп, қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңыз.

Киіз үйді тігу

Қазақтарда киіз үйді тігу - әйелдердің ісі. Киіз үйді тігу тіптен оңай. Алдымен керегелерді бір-бірімен байланыстырады. Содан соң шаңырақты көтереді. Оған уықтарды шаншиды. Олардың үстіндегі киіздерді жабады. Туырлық пен үзік үстінен екі арқармен үйді шеңберлей буады. Керегерлердің дөңгеленіп кеп қосылған жеріне есік босағаларын бегітеді. Үй тігудің бар жұмысы осы.

Киіз ең сәулетті әсемін ақ боз түсті киізбен жабады. Бұл түсті қазақтар басқа түстерден артық бағалайды.

Кереге, уық, шаңырақ ағаштары сары қызыл қошқыр түсті жуса деп аталатын минерал бояумен сырланады. Шаңырақты ұзын сырықпен тіреп, көтеріп қояды. Сырық- *бақан* деп аталады.

Үйдегі ең қастерлі орын-*төр*. Қазақтардың негізгі тұрағынан басқа тағы бір үй болады. Оны *қос* дейді. Қос жылқышыларға немесе көшкенде пайдаланады, ол бір аттың үстіне сыйып кетеді.

(Ш.Уәлиханов)

6.Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табыңыз.

- 1) Естай биыл біздің колледжге ауысты.
- 2) Екеуінің достары қонаққа келді.
- 3) Отырғандармен көрісу үшін үйге кірдім.
- 4) Мұрат өзінен үлкен балалармен дос.
- 5) Мен жақсылармен ғана араласамын.
- 6) Кеше кешке оның біреуімен сөйлескенін көрдім.
- 7) Адамдардың барлығы бірдей жаман емес.

7.Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Құрманғазы

Құрманғазы – это великий казахский композитор XIX века. Он создал такие кюи, как «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Алатау», «Кішкентай».

Құрманғазы родился в 1823 году в нынешней Уральской области в семье батрака Сағырбая. Однажды в аул Құрманғазы приехал известный кюйши Ұзақ. Увидев одаренного мальчика, он стал его учителем. С 18 лет Құрманғазы разъезжал по аулам как профессиональный музыкант. Его очень уважали, несмотря на непримиримый характер.

Құрманғазы создал более 50 кюев и воспитал таких известных музыкантов, как Дина Нурпеисова, Мамен, Уахап Кабигожин, Қали Жантілеуов. Он умер в 1886 году в возрасте 63 лет.

8. «**Қазақтың ұлттық аспаптары**» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

IX нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: *нұсқау, нышан, неке, мәселе, мүсәпір, міншіл, құпия*. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

2. Көп нүктенің орнына Х, Һ, Қ әріптерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Қаза... ..алқы — қа...арман ...алық. Ол өз жерін сырт жаулардан қа...армандықпен ...орғаған. ...алқымыздың Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қарасай, Райымбек сия...ты ба...адүрлері қол бастап, ұрыстарда жеңіске жеткен. Абылай хан билерін, батырларын Түркістан ша...арына жинап, а...ылдасып отырған. Түркістан ша...ары Ұлы Жібек жолында орналас...ан. бұл ша...арға әлемнің түкпір-түкпірінен жи...анкездер, саудагерлер келіп тұрған. Олар гау...ар тасты әшекей бұйымдарын, әсем металдарды, күнделікті тұрмыс...а ...ажет заттарды сатып немесе бас...а тауарларға ауыстырып отырған. Бұл ша...арда аты әлемге мәш...үр Қожа А...мет Иассауи өмір сүрген. Оның даналық кітаптары, пайдаланған ...ұралдары мұражайда са...таулы тұр. Түркістан ша...ары — түркі ...алықтарының ма...танышы.

3. Мәтінді көшіріп, аударыңыз.. Қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Халық композиторы

Құрманғазы Сағырбаевтің музыкалық мұрасы өте бай. Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі **Құрманғазының** мұрасын өте берік сақтады. Бұл оркестр Қазақстанның барлық **жерлерінде**, Мәскеуде, Санкт-Петербургта, Балтық **жағалауында**, Молдавияда, Орта Азия **республикаларында** өнерлерін көрсетті. Ол Бухарестте 1953 жылы тамызда болған дүние жүзілік фестивальда бірінші бәйгеге ие болған.

4. Берілген фразеологизмдермен сөйлем құрастырып жазыңыз.

Ауызын ашпады – рта не раскрыл; көзі түсті – обратил внимание, заметил; көз қырын салмады – не взглянул и краем глаза; қабағынан қар жауып тұр – мрачный, хмурый; көзімен атып жіберердей – готов застрелить глазами.

5. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңыз.

Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді. Адам баласын замана өсіреді. Адал еңбекпен мал іздемек - арлы адамның ісі. Надандық - білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

(Абай.)

6. Сөйлемдерді келесі ретпен көшіріп жазыңыз: 1) жай сөйлемдер; 2) жалғаулықты құрмалас сөйлемдер; 3) жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдер.

Мұнайдың пайда болуы туралы

Мұнайдың пайда болуы туралы бірнеше теориялар бар. Олар екі топқа бөлінеді: 1) органикалық, 2) аорганикалық болжамдар. Органикалық теория мұнайдың жәндіктер мен өсімдіктердің және аралас (өсімдіктер мен жәндіктердің қалдығынан) пайда болу мүмкіндігін дәлелдейді. Ал аорганикалық теорияда мұнайды жаратушы карбид теориясы, жанарту теориясы, космос т.б. теориялар арқылы дәлелденеді. Мұнайдың пайда болуын органикалық теория бойынша дәлелгендердің бірі – М.Ломоносов еді. Кейбір ғалымдар мұнайдың пайда болуын терең білу үшін теңіз жануарларының майын алғызып, лабораторияда зерттеу жұмыстарын жүргізді. М.Ломоносов мұнайдың жер қойнауында жиналған өсімдіктердің жоғары қысым арқылы көмірленуінен пайда болатынын және қалдықтардан түзілетінін атап көрсетті.

4. **«Қазақтың ұлттық тағамдары»** тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

X нұсқа

1. Мына сөздердің фонетикалық талдауын жасаңыз: , құжат, заң, қаулы, келісім, нұсқау, өкім, бұйрық. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

2. Көп нүктенің орнына I, II, III әріптерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Орыс тіліне аударыңыз.

Ауыл жанында орман бар. Б...з орманға ж...дек теруге бардық. Орманның б...ік ағаштары күн сәулес...н көп ж...берме...ді. Дегенмен б...ыл шөп б...т...к шыққан екен. Орман жанындағы са... шөптен көр...нбе...д...

Б...з орманда құстардың салған ән...н тамашаладық. Ағаштан ағашқа сек...рген т...індерді қызықтадық. Орманда от жағуға, аң-құстарды аулауға ты...ым салынған. Б...з ж...дектер...м...зді себетке салдық. Орманда ж...наған алуан түрл... гүлдер...м...зді аналарымызға сы...ладық.

3. Мәтінді оқып шығып, жақшаның ішінде берілген сөздерді шығыс септікке қойып, көшіріңіз. Орыс тіліне аударыңыз.

Шыныдан

Стакан (шыны) жасалады, ыдыс (шыны) жасалады. Ал үйді (шыны) жасауға бола ма? Германияда құрылыс тасын (шыны) жасап шығарады. Бұл тас жарықты жақсы өткізеді және үйді (суық), (ыстық), көшенің (шуы) қорғайды. Осындай (тас) жасалған қабырғаларды шлангтің су ағынымен оңай жууға болады.

Тәжірибе үшін (тас) жасалған қабырғаны өртеп көрген. Сонда тек төрт (сағат) кейін ғана қаланған (жер) бірнеше тас жерге түсті.

5.Сын есімдерді қазақ тіліне аударып, салыстырмалы және асырмалы шырай жасаңыз.

Узкий, белый, сильный, большой, низкий, высокий, маленький, широкий, вкусный, пресный, короткий, толстый, дешевый, мягкий, открытый, долгий, желтый, зеленый, дорогой, веселый, твердый, красивый, далекий, близкий, чистый, уважаемый, тяжелый, мягкий, ровный, кривой, грязный, свободный, глубокий.

6. Мәтінді көшіріп жазыңыз. Қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыз.

Мұнай мен газды тасымалдау

Мұнай мен газды алыс қашықтыққа **тасымалдаудың** үш негізгі түрі бар: сумен, теміржолмен және құбырлар арқылы тасымалдау. Газ күйіндегі газды тек құбырлар арқылы тасымалдайды.

Су **транспорттары** танкерлер мен баржалар (лихтерлер) арқылы мұнайды, мұнай **өнімдерін** және сұйытылған газдарды кез келген мөлшерде тасымалдайды. Су жолы әдетте теміржол және **құбырлардың** ұзындығына қарағанда ұзын болады. Сондықтан бірқатар жағдайларда тасымалдауға кететін шығындар да көп болуы мүмкін. Оған қоса, солтүстік кеңдіктердегі сумен тасымалдаудың тек мезгілдік сипаты болады.

Теміржол көлігімен цистерналар, бункерлер және ыдыстармен барлық мұнай өнімдері, мұнай және сұйытылған газдар тасымалданады. Алайда жаппай

тасымалдау үшін теміржол көлігін пайдалану көп жағдайларда тиімсіз. Салыстырмалы түрде аз **өндірілетін** мұнай өнімдері - әр түрлі сортты майлар, мазуттар, әсіресе битум мен парафиндер үшін теміржол ашық қашықтықтарға тасымалдаудың негізгі түрлерінің бірі болып табылады.

Мұнай мен газдың көп **мөлшерлерін** кез келген қашықтыққа тасымалдаудың экономикалық тұрғыдан ең тиімдісі – құбырлық тасымалдау.

Тасымалдаудың осы үш түрінен басқа, автокөлікпен тасымалдаудың да маңызы зор. Автокөлікпен тасымалдаудың негізгі мақсаты – автоцистерналар немесе ұсақ ыдыстармен дайын мұнай өнімдерін ірі мұнай базаларынан ұсақ мұнай базаларына және одан әрі **тұтынушыларға** дейін жеткізу болып табылады.

(Суербаяев Х.А. «Кәсіптік білім» сериясы, «Мұнай-газ ісінің негіздері» оқулығынан)

6. Мәтінді көшіріп, қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдаңыз.

**Үймереттер, ғимараттардың және ауылшаруашылық
құрылыстарының құрылымдық және
көлемді-жоспарлық ерекшеліктері.**

Құрылысты индустриаландыру принципінің негізгі мақсаты-құрылыс құрылымдарын, бөлшектерін зауыттарда жасап шығару және ауыр қол еңбегін механикаландыру, яғни құрылыс объектісін құрастырып-жинақтау алаңына айналдыру. Индустриялық әдіспен құрастыратын объектілердің саны мен сапасын арттыру үшін құрастырмалы құрылымдар мен бөлшектердің өлшемдерін біркелкі топтастыру қажет.

Өндірістік үймереттер биіктігі бір және көп қатарлы болады, оларды құрастырудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Бір қабатты өндірістік үймереттер негізінде болат қорыту, машиналар құрастыру және т.б. өндірістеріне арналған үймереттер. Олардың сәулеттік ерекшелігі –ішкі құрылыстар кең және биік болуы қажет, себебі ауыр салмақты, көлемді және өте биік құрал-саймандар орнатылады. Осыған орай бір қабатты өндірістік үймереттер салудың да ерекшеліктері бар. Орнатылатын бағаналардың аралығы (12х6; 18х6; 12х12; 18х12; 24х12; 30х12; 36х12м) бұдан да кең болады.

Мұндай кең өлшемді үймереттерді әр түрлі өндіріс саласына пайдалануға болады. Бұл үймереттердің бағаналары болаттан, темір-бетоннан, темір-бетон мен болат аралас материалдан жасалады. Ірге тастарды құрастырмалы темір – бетоннан құймалы және қада қағылып жасалады.

(С.Қ. Хамзин. «Кәсіптік білім» сериясы, «Құрылыс өндірісіні ұйымдастырылуы мен технологиясы» оқулығынан)

7. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Домбра

Домбра – это древнейший казахский народный инструмент. Она занимает особое место в казахской музыкальной культуре. Сейчас, наверное, нет казахской семьи, в чьем доме не имеется домбры. Это самый любимый музыкальный инструмент казахов.

В разных областях Казахстана она имеет различную форму: в восточном и центральном Казахстане она треугольная или трапециевидная. А в западном Казахстане она похожа на разрезанную пополам грушу.

8. «Қазақтың ұлттық киімдері» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыз.

Тест сауалдары

1. Қазақ тіліне тән (төл) дыбыстарды көрсет.
А) а,ә,о,ө,у,ы,ғ,г,һ
В) а,о,ө,ғ,ғ,қ,ң,к,һ
С) ә,ө,і,ұ,ү,ң,ғ,қ,һ
Д) а,і,ә,ү,ұ,қ,ң,һ,н
Е) ә,і,ң,ү,ө,һ,а,о,ө
2. Жуан дауысты дыбыстарды көрсет.
А) а,е,ұ,оы
В) а,о,ұ,ы,у
С) о,у,а,ө,ы,
Д) ұ,і,о,ұ,ы
Е) ы,е,о,а,у
3. Туынды сөз жасап тұрған қосымшаны көрсетіңіз.
А) Түн-нен.
В) Түн-нің.
С) Түнге.
Д) Түн-дік.
Е) Түн-де
4. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
А) 22
В) 36
С) 38
Д) 42
Е) 37
5. «Ұжымдастыру» сөзіндегі ұяң дауыссыз нешеу екенін көрсет.
А. 2
В. 1
С. 5
Д. 4
Е. 3
6. Антоним сөздерді көрсетіңіз.
А) Тыным, тыныштық таппаған.
В) Жақсылық пен жамандық- болды егіз.
С) Адамның басы, көрікті бас.
Д) Бұраң бел, алма мойын.
Е) Ара гүлге қонды.
7. Демеулік шылауды табыңыз.
А) мен, бен.
В) дейін, шейін.
С) егер.
Д) –ақ, -ау.
Е) бірақ.

8. Жатыс септігіндегі сөзді табыңыз.
- А) Өзеннің.
 - В) Батыста.
 - С) Шығыстан.
 - Д) Жазғы.
 - Е) Көлдер.
9. Тура мағынасында қолданылып тұрған сөзді көрсетіңіз.
- А) Жуан ауыл.
 - В) Жуан сіңірлі.
 - С) Жуан жіп.
 - Д) Жуан жол.
 - Е) Жуан дауыс.
10. *Көгілдір, сұлу* сөздері қай сөз табына жататынын табыңыз.
- А) Үстеу.
 - В) Зат есім.
 - С) Сын есім
 - Д) Сан есім.
 - Е) Етістік.
11. Дауыссыз дыбыстар неше топқа бөлінеді?
- А) 4
 - В) 2
 - С) 3
 - Д) 5
 - Е) 6
12. Қатаң дауыссыз дыбыстарды көрсет .
- А) п,ф,к,қ,т,с,ш,щ,х
 - В) п,ф,к,қ,н,м,ш,щ,ц
 - С) к,қ,н,ц,ф,т,ч,ш,м
 - Д) п,ф,к,қ,с,ш,щ,х,м
 - Е) п,ф,к,қ,с,ш,щ,х,н
13. Құрмалас сөйлемнің түрін көрсетіңіз.
- А) Толымсыз
 - В) Жақсыз
 - С) Жай
 - Д) Сабақтас
 - Е) Хабарлы
14. Өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайтын сөзді табыңыз.
- А. Сан есім.
 - В. Сын есім.
 - С. Үстеу.
 - Д. Зат есім.
 - Е. Одағай.

15. Жалпы есім қатарын анықтаңыз.
- А. Айгүл, Жанат
 - В. Әйгерім, Батыр
 - С. Қала, көше
 - Д. Арыс, Ертіс
 - Е. «Жас алаш», «Парасат»
16. Келер шақтағы етістікті табыңыз.
- А) Барған.
 - В) Барып жүрдім.
 - С) Барыпты.
 - Д) Барды.
 - Е) Барады.
17. Синоним сөздерді тап.
- А) батыр, ер жау, дос
 - В) жайылым, өріс, айнала, өңір
 - С) айнала, өңір, маң, төңірек
 - Д) келбет, кескін, көрік, өңір
 - Е) салмақты, сабырлы, байыпты, сұлу
18. Сан есімге керекті тыныс белгісін анықтаңыз.
- Інім 12 ге толды.*
- А) Қос нүкте.
 - В) Дефис
 - С) Үтір.
 - Д) Жақша.
 - Е) Нүкте.
19. Бастауыштан кейін сызықша қай сөйлемде қойылатынын көрсет.
- А) Бұл үйдің балалары естияр еді.
 - В) Бұл істі көпке қалдырмау керек.
 - С) Бұл менің туып-өскен жерім
 - Д) Бұл баланың таланты бар екен.
 - Е) Мен бұл жағын білмеп ем.
20. Туынды зат есімді көрсетіңіз.
- А) Таулы.
 - В) Көл
 - С) Жазушы.
 - Д) Көк.
 - Е) Талда.
21. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- А) 7
 - В) 5

- С) 9
- Д) 12
- Е) 3

22. Сөйлем мүшесін тап.

- А) зат есім
- В) етістік
- С) сын есім
- Д) бастауыш
- Е) есімдік

23. Қарсылықты салалас сөйлемді көрсет.

- А) Мен кеше сабаққа келген жоқпын.
- В) Бұл шөп әдемі, бірақ зияны да бар.
- С) Біресе ол барады, біресе Айгүл барады.
- Д) Айжан дүкенге кетті.
- Е) Күн десуық, жел де соғып тұр.

24. Сөз табын тап.

- А) баяндауыш
- В) шылау
- С) пысықтауыш
- Д) анықтауыш
- Е) бастауыш

25. Көңіл-күй одағайын табыңыз.

- А) Шай-шай
- В) Алақай.
- С) Тәйт.
- Д) Қырау-қырау.
- Е) Айт.

26. Соңы ұяң дауыссызға аяқталған сөзді көрсетіңіз.

- А) аңыз
- В) дарын
- С) ғылым
- Д) наным
- Е) халық

27. Бірыңғай езулік дауысты сөзді ажырат.

- А) Бұлбұл
- В) Көмір
- С) Дос
- Д) Тұрғылықты
- Е) Партизан

28. Етістіктің нақ осы шақ түрінде тұрған сөзді көрсет.

- А) Тұрасың

- В) Тұратынсың
 - С) Тұрғанмын
 - Д) Тұрмын
 - Е) Тұрарсың
29. Жіктік жалғауы нені білдіретінін тап.
- А) Бағыт мағынасын
 - В) Меншіктілікті
 - С) Жақтық байланысты
 - Д) Көптік ұғымды
 - Е) Қимылдың орындалғанын
30. «У» дыбысы екі рет дауысты болған сөзді белгіле.
- А) Татуласу
 - В) Таулық
 - С) Баулық
 - Д) Достасу
 - Е) Қауыш
31. Сан есімнің сұрағын анықтаңыз.
- А) кім?
 - В) нешеу?
 - С) қалай?
 - Д) қандай?
 - Е) қашан?
32. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
- А) 22
 - В) 36
 - С) 38
 - Д) 42
 - Е) 37
33. Буынға бөлінбейтін сөзді табыңыз.
- А.Іні
 - В.Апа.
 - С. Қарт.
 - Д. Дала
 - Е. Намыс
34. Ашық буынды сөзді табыңыз.
- А) Боса.
 - В) Қас.
 - С) Қант.
 - Д) Аз.
 - Е) Сақ.

35. Ашық дауысты дыбыстарды көрсет.

- А) а, ә, о, ө, е, э
- В) а, е, о, ы, і, и
- С) е, ә, ү, і, о, ө
- Д) ү, о, і, ә, ө, а
- Е) а, ә, і, о, ө, ү,

36. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

Тудың көгілдір түсі ненің белгісі?

- А) Толымсыз.
- В) Хабарлы.
- С) Сұраулы.
- Д) Жалаң.
- Е) Жақсыз.

37. Түбірлес сөзді табыңыз.

- А) Жүз, қырық.
- В) Аға, іні.
- С) Аң, құс.
- Д) Кереге, уық.
- Е) Сулы, сушы.

38. Езулік дауысты дыбыстарды көрсет.

- А) ө, ұ, ү, э, у, ә, і,
- В) ө, ұ, ү, э, о, а, і
- С) ү, ұ, ө, і, ә, е, а
- Д) а, ә, і, и, ы, э, о
- Е) а, ә, е, и, ы, і, э

39. Дауыссыз дыбыстар неше топқа бөлінеді?

- А) 4
- В) 2
- С) 3
- Д) 5
- Е) 6

40. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз.

- А) Біреу.
- В) Екіден бір.
- С) Бірдеңе.
- Д) Бір-бірден
- Е) Бірден.

41. Болымсыз етістікті табыңыз.

- А) Жатты.
- В) Санамады.
- С) Барды.

- Д) Көрдi.
Е) Қуанды.
42. Тұйық етістікті анықтаңыз.
А) Түсіндір.
В) Шегелеу.
С) Көмектес.
Д) Дәлелде.
Е) Көрсет.
43. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді табыңыз.
А) ерлік
В) достық
С) өнерпаз
Д) мекендеу
Е) қоғамдық
44. Синоним сөздерді тап.
А) батыр,ер, жау, дос
В) жайылым, өріс,айнала,өңір
С) айнала,өңір,маң,төңірек
Д) келбет,кескін,көрік,өңір
Е) салмақты,сабырлы,байыпты,сұлу
- 45.Негізгі етістікті табыңыз.
А) Жазды.
В) Берді.
С) Айтқан.
Д) Ашты.
Е) Бар.
46. Дерексіз зат есімді табыңыз.
А) Бала.
В) Қарындас.
С) Аға.
Д) Сезім.
Е) Гүл.
47. Тәуелдік жалғауы нені білдіретінін тап.
А) Бағыт мағынасын
В) Меншіктілікті
С) Жақтық байланысты
Д) Көптік ұғымды
Е) Қимылдың орындалғанын
- 48.Сөйлем мүшесін тап.
А) зат есім
В) етістік

- С) сын есім
- Д) бастауыш
- Е) есімдік

49.Сөз табын тап

- А) баяндауыш
- В) одағай
- С) төл сөз
- Д) пысықтауыш
- Е) диалог

50. «У» дыбысы жуан болып тұрған сөзді көрсет.

- А) кету
- В) жүру
- С) жету
- Д) секіру
- Е) сұрау

51.Туынды сөзді көрсет

- А)ой
- В) үсті
- С) би
- Д) дала
- Е) қуырдақ

52. Соңы ұяң дауыссызға аяқталған сөзді көрсетіңіз.

- А) аңыз
- В) дарын
- С) ғылым
- Д) наным
- Е) халық

53.Мақалды аяқтаңыз. *Тау мен тасты ...бұзады, адамзатты сөз бұзады.*

- А) Су.
- В) Ой.
- С) Көңіл.
- Д) Мұз.
- Е) Шөп.

54.Қосымшаның қанша болатынын көрсетіңіз.

- А) 4
- В) 5
- С) 3
- Д) 2
- Е) 1

55. Қазақ тілінің сөздерінде неше буын бар?

- А) 2
- В) 4

- С) 3
- Д) 5
- Е) 6

56. Тұйық буынды сөзді тап.

- А) Іні.
- В) аға
- С) ет
- Д) қазақ
- Е) таза

57. Соңы қатаң дауыссызға аяқталған сөзді көрсетіңіз.

- А) атаң
- В) кез
- С) дәріс
- Д) батыр
- Е) өнер

58. Бірыңғай толықтауышы бар сөйлемді тап.

- А) Өмірді сүйген-өмірден орын табады.
- В) Далба тауында атақты Бұқар жырау күмбезі бой көтерді.
- С) Бозторғайлар жер бауырлай ұшады.
- Д) Ақан жастайынан әнге, өлеңге, домбыраға әуес болады.
- Е) Тәрбие тілден басталады.

59. Салаластың түрін ажыратыңыз.

Ән басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқтаған жоқ. .

- А) Ыңғайлас.
- В) Қарсылықты.
- С) Түсіндірмелі.
- Д) Кезектес.
- Е) Талғаулы.

60. Септік жалғауы жалғанған сөзді көрсет.

- А) Көріксіз.
- В) Өнерпаз.
- С) Кітапхана.
- Д) Қағазды.
- Е) Бағдат

«Қазақ тілі» пәніне арналған тест нұсқаларының дұрыс жауап кілттері

1.	С	31.	В
2.	В	32.	Д
3.	Д	33.	С
4.	Д	34.	А
5.	А	35.	А
6.	В	36.	С
7.	Д	37.	Е
8.	В	38.	Е
9.	С	39.	С
10.	С	40.	А
11.	С	41.	В
12.	А	42.	В
13.	Д	43.	С
14.	Е	44.	С
15.	С	45.	Е
16.	Е	46.	Д
17.	С	47.	В
18.	В	48.	Д
19.	С	49.	В
20.	С	50.	Е
21.	С	51.	Е
22.	Д	52.	А
23.	В	53.	А
24.	В	54.	Д
25.	В	55.	С
26.	А	56.	С
27.	Е	57.	С
28.	Д	58.	Д
29.	С	59.	В
30.	А	60.	Д

Мақалдар	Пословицы
Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас	Нет земли лучше Родины, Нет людей, лучше, чем на Родине
Ақыл – алтын сандық, адамына қарай ашылар	Мудрый – рост – золотой сундук, который, не каждому открывается
Әр заманда бір көреген	Каждая эпоха рождает своих великих людей
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл	Человек без Родины, что соловей без леса
Ғылыммен жақын болсаң, қолың жетер, Залыммен жақын болсаң, басың кетер	Подружись с наукой – всего достигнешь, А со злом – голову потеряешь
Өзін - өзі білген ер бақытты, Өзін - өзі билеген ел бақытты	Счастлив джигит, себя цену знающий, Счастлив народ, сам собой правящий
Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала	Воспитание ребенка – его счастье, Невоспитанность – его же несчастье
Ердің сәні – білім Жердің сәні – егін	Землю украшает - нивы, Человека – знания
Батыр туса – ел ырысы, Жаңбыр жауса – жер ырысы	Батыр родиться – народ счастье, Дождь пойдет – земле счастье
Ұлық болсаң, кішік бол	Если умен, будь еще и прост
Қайрат етер мезгілде, Жүк көтерер нардай бол. Ақыл айтар мезгілде, Мың жасаған шалдай бол	Если потребуется сила, мощь – Будь словно нар (самец верблюда). Придет время назидания – Будь словно шал (мудрым старцем)
Екі жүзді пышақтан сақтанба, Екі жүзді адамнан сақтан	Берегись не ножа с двумя лезвиями, Берегись от человека двуликого
Жігітке жеті өнер де аз, Жетпіс өнер көп емес	Джигиту знает семь ремесел – мало, Знать семьдесят ремесел немного
Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы	Джигит – сын своего народа и рад своей чести

Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте	Считай настоящим человеком того, У кого есть человечность
Тура биде туған жоқ, Туғанды биде иман жоқ	Для справедливого правителя нет близких (родных)
Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер	Сын берет пример с отца, Дочь с матери
Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы	Родина – мать народу, Народу – мать джигиту

ГЛОССАРИЙ

1. Лексика- тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы (грекше лексикос – сөздік).
2. Лексикология - тілдің сөздік құрамын тексеретін ғылым (грекше лексикос – сөздік, логос - ілім).
3. Лексикологияның сөздің мағыналық құрылымын зерттейтін саласы семасиология (гр. семасиа – мән, мағына+ логос- ілім) деп аталады.
4. Тарихи лексикология – сөздердің қалыптасу, өзгеру, тарихи даму заңдылықтарын тексереді. Оның бір саласы – этимология (гр. этимон- шындық+ логос- ілім).
5. Ономастика – тілдегі жалқы есімдерді зерттейді (гр. ономастике – ат беру өнері).
6. Лексикография – сөздік жасау ісімен айналысатын сала. (гр. графос – жазамын).
7. Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағынасы, сол арқылы сөз жеке даралық қасиетке ие болады.
8. Грамматикалық мағына – белгілі бір топтағы сөздерге тән жалпылама мағына.
9. Сөздің атауыш мағынасы - тура, номинативті, нақты, затты, құбылысты атап білдіретін мағынасы.
10. Сөздің ауыс мағынасы – заттың негізгі мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан туатын мағынасы.
11. Сөз мағынасының дамуы дегеніміз – сөз мағынасының кеңеюі, тараюы, көп мағыналық сипатқа ие болуы, метафоралық, метонимиялық, синекдохалық мәндерде жұмсалуды.
12. Сөздік құрам – тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы.
Негізгі сөздік қор - сөздік құрамның ұйытқысы, шығу арнасы
13. Түркі тілдеріне ортақ сөздер - сөздік қорға негіз болатын, түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады.

14. Қазақтың байырғы төл сөздері – жалпыхалықтық сипаттағы, халықтың өмір тіршілігіне байланысты сөздер.

15. Кірме сөздер - өзге тілдерден ауысқан сөздер

16. Жалпыхалықтық лексика – ұлттық тіл лексикасы

16. Қолдану өрісі тар лексика - адамдардың белгілі бір тобы немесе белгілі бір аймақтағы адамдар қолданатын сөздер. Оған кәсіби-терминдік лексика мен диалектілік лексика кіреді.

17. Диалектілік лексикаға (гр. диалектос – сөйлеу ерекшелігі) белгілі бір жердегі тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер жатады.

18. Арнаулы лексика - әр түрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, шұғылданатын кәсібіне, қызметіне байланысты қалыптасқан сөздер.

19. Кәсіби терминология – ғылым, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдарды білдіретін сөздер.

20. Кәсіби сөздер – жалпы халыққа түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдар арасында айтылатын сөздер.

21. Кітаби лексика дегеніміз - әдеби лексика. Оның түрлері: ескі дәуірдегі кітаби лексика, қазіргі кітаби лексика.

22. Актив сөздер – күнделікті өмірде, тұрмыста жиі қолданылатын сөздер , пассив сөздер – көнерген сөздер мен әлі кең тарамаған неологизмдер.

23. Фраза – грекше сөйлемше дегенді білдіреді. Фразеология – тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

24. Фразеологизмдерге тән белгілер: даяр қалпында жұмсалуды, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы.

25. Фразеологиялық тұтастық – құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, мағыналық жігін ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер.

26. Фразеологиялық бірлік – ең алғашқы еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан туған тұрақты тіркестер.

27. Фразеологиялық тізбек те еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шыққанмен, алғашқы мағынасы айқын сезіліп тұрады.

28. Ұйытқы сөз – бірнеше фразеологизмде қайталанып отыратын сөз. Қазақ фразеологизмдеріне көбінесе сөздік қордағы сөздер ұйытқы болады.

29. Фразеологиялық синонимдер – мағынасы жағынан үйлес, бірінің орнына бірі қолданыла алатын тұрақты тіркестер.

30. Фразеологиялық антонимдер – мағынасы жағынан қарама қарсы фразеологизмдер.

31. Фразеологизмдердің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, құрылым-құрылысы жағынан ұқсас, үйлес келетін түрлері варианттар деп аталады.

32. Фразеологиялық варианттардың үш түрі бар: лексикалық, грамматикалық, фонетикалық.

33. Лексикография – грекше «лексикос» - сөздік және «графос» - жазамын дегенді білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Негізгі әдебиеттер.

1. Бектуров Ш.К., Бектурова А.Ш. «Қазақ тілі для начинающих». Алматы, «Рауан», 1994.
2. Бектуров Ш.К., Бектурова А.Ш. «Қазақ тілінің қалталық оқулығы». Алматы, «Әл-Фараби», 1997.
3. Күзекова З., Қарақұсова Г. «Қазақ тілі» (жоғары оқу орындарының экономика факультеттеріне арналған). Алматы, «Раритет», 2001.
4. Ақанова Д., Алдашева А., Ахметжанова З., Қадашева Қ., Сүлейменова Э. «Ресми-іскери қазақ тілі» (грамматикалық түсініктеме). Алматы, «Арман», 2002.
5. Құлмағанбетова Б., Елемисова Ж. «Қазақ тілін үйренушілерге көмек». Алматы, 1992.
6. Нығмет Ж. «Қазақ тілі хрестоматиясы» (оқу құралы). Алматы, «Білім», 2003.
7. Аяпова Г. «Қазақ тілі», 1999.

2. Қосымша әдебиеттер.

1. Бектуров Ш.К. «Читаем газеты на казахском языке». Алматы, Высшая школа права «Әділет», 1999.
2. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. «Практикалық қазақ тілі». Алматы, «Ана тілі», 1993.
3. Муса А.О., Төленов І.М., Әбіш Ж.Ш., Құдайбергенов Е.Қ. «Қазақ тілі» (жоғары және арнаулы оқу орындарының экономика факультетінің студенттері мен кәсіби мектеп, колледж, лицей оқушыларына арналған оқу құралы). Алматы, «Экономика», 2001.
4. Муса А.О., Төленов І.М., Әбіш Ж.Ш., Құдайбергенов Е.Қ. «Қазақ тілінің практикалық курсы». Алматы, 1993.
5. Шадыкенова Қ. «Контрольно-тренировочные упражнения на уроках казахского языка». Алматы, «Балауса», 1997.
6. Жунисбеков А. «Казахский язык». Пособие для изучающих казахский язык. Алматы, «Атамұра», 1995.

Мазмұны

1.Алғы сөз	3
2.Қазақ тілі пәні бойынша бақылау жұмыс тапсырмалары	22
3.Қазақ тілінен тесттік сауалдар	24
4.Тест сауалдарының дұрыс жауабы	31
5.Мақалдар	34
6.Глоссарий	35
7.Пайдаланылған әдебиеттер	37